


автоматтарымен, парақ санағыш т. б. түрлі тексеру аппараттарымен жабдықталған. Бұлардың көмегімен халық пен отан қорғауға керекті карталарды тез әрі жоғары сапада шығаруға мүмкіндік береді.



2 сурет - Горизонталь сызықтар

Картографиялық зерттеулер Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясында жоғары оқу орындары мен Картографиялық кәсіпорындарында жүргізіледі. Әрбір географиялық картаның атқаратын қызметі болады. Оны білім мен өндірістің белгілі бір салаларындағы мамандар, туристік танымжорықтың жетекшілері, оқушылар біліммен маңызды ақпарат көзі ретінде қолданады. Картаны құрушылар кескіндейтін аумақты терең зерттеп оқып үйренген сайын сол аумақта орналасқан нысандар мен құбылыстардың ерекшеліктерін айқындап ашып көрсетеді.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. В.Г. Селиханович "Геодезия. Часть II". М., "Недра", 1981.
2. Инструкция по топографической съемке в масштабах 1:5000 - 1:500. М., "Недра", 1977.
3. Коршак Ф.А. Геодезия. 5-е изд. М., «Недра», 1969, 312 с.
4. Коршак Ф.А. Сборник упражнений по геодезии. Ростов-на-Дону, изд. Ростовского ун-та, 1960, 205 с.
5. Панкин И.А., Седун А.В. Практические работы по геодезии. М., Геодезиздат, 1960, 232 с.

УДК 378.2

*Абдрасилова В.О., С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медициналық университеті*

*Меирбекова Ж.М., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті*

### КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ДАМУ – МАМАННЫҢ БОЛАШАҚ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ЖЕТІСТІКТІҢ КІЛТІ

*Одна из важных задач современного общества установление личных и деловых отношений между людьми. В сфере подготовки будущих специалистов обладание коммуникативной культуры, развитие коммуникативной компетентности играет большую роль в формировании социально-активной личности, и является залогом достижения успеха в будущей социальной деятельности.*

*One of the important problems of modern society to establish personal and business relationships between people. In the sphere of training of future specialists possess communicative culture, the development of communicative competence plays a large role in shaping the social and active person, and is the key to success in the future social activities.*

Жаңа қоғамның маңызды мәселелерінің бірі адамдардың бір-бірімен жеке және іскерлік қарым-қатынасты орнату және оны сақтай алу. Әсіресе коммуникативтік құзыреттіліктің дамуы кәсіби қарым-қатынас саласында аса маңызды. Коммуникативтік құзыреттілік ақпаратты беру – қабылдау қабілеттілігімен; түрлі тәсілдерді игеру: ауызша, жазбаша, жеке қарым – қатынас; коммуникативтік жағдайды бірдей қабылдауға жетуімен байланысты.

Болашақ мамандарды даярлау шеңберінде басты назарды оның кәсіби және лингвокоммуникативтік құзыреттілігіне, яғни кәсіби ортасындағы қарым– қатынас жасау машығына аудару қажет. Және де «сөз» коммуникацияның өмбесбап құралы, ақпарат көзі және адамдарға әсер ету құралы болып табылады. Әрине, шет тілін игеру шетел студенттерінің кәсіби құзыреттілігі саласында жетістікке жету үшін басты шарт болып табылады.

Коммуникативтік құзыреттілік – бұл күрделі коммуникативтік машықтар мен биіктілікті игеру, жана әлеуметтік құрылымда адекватты біліктілікті қалыптастыру, қоғамда мәдени нормалар мен шектеулерді білу, қарым – қатынас саласында әдет–ғұрыпты, салт– дәстүрді, этикетті білу, берілген мамандық шеңберінде ұлттық және қауымдық менталитетке сай коммуникациялық құралдарда өзін еркін сезіну. Қарым–қатынастың нақтылығы және қажеттілігі ұлттық–мәдени, кәсіби, халықаралық қауымдастық мүшелерінің бірлескен қызметімен анықталады.

Адамдар қоғамы қарым –қатынасыз мүмкін емес. Қарым –қатынас адамдар тұрмысында маңызды шарт болып табылады, онсыз адамның тек жеке психикалық функциялары, үрдістері және қасиеті ғана емес, сонымен қатар толық тұлға болып қалыптасуы мүмкін емес. Қарым –қатынас қоғамдық қызметті ұйымдастыруға және адамдар арасын жаңа байланыстар мен қарым –қатынаспен байытуға мүмкіндік береді [1,2].

Басқаша айтқанда, коммуникативтік мәдениет бұл қасындағы адамды түсініп, оны тыңдай алу, күрделі эмоциялық жағдайда өзін ұстай білу қабілеті. Студенттерді тәрбиелеу барысында тікелей жеке тұлғалар арасындағы қарым–қатынас құндылықтары мен қауымдастық құндылықтарын ажырата алуға үйрету маңызды. Жеке тұлға дербестігі және қауымдастық сезімі – жақсы байланыс құрылатын екі негізгі құндылық.

Дербестік адамның ерекше болуына, өзінің тұлғалық қайталанбайтындығына, өз тағдырын таңдау еркіндігіне құқығымен анықталады. Ал қауымдастық достық қарым – қатынас орнату, жалпы мақсаттар қойып және оны бірлесіп жүзеге асыру үшін автономды тұлғалардың бірлесіп өмір сүруі және бірлесіп жұмыс жасау, сол мақсатқа жетудің жолдарын бірге іздеу болып табылады. Басқа адамдармен қарым–қатынасын жақсарту жолдарын іздеген тұлғаларға бірнеше құндылықтар бағыты көрсетіледі, бұл құндылықтар қатып қалған ұйғарымдар жүйесі емес, қайта оны отбасында, достары арасында, қызметтестерінің арасында қарым–қатынасын жақсарту жолдарын іздеген адам өзгертіп, жөңдей алатын ұсыныстар тізімі деп қарастырған жөн. Бұл тізімге төмендегідей маңызды құндылықтарды енгізуге болады:

- түпнұсқалылық және ашықтық,
- іздену және зерттеу мүмкіндігі,

- басқа адамдарға жақсылық жасауға дайындық,
- жеке тұлғаға қауіптің азаюы,
- тұлғаның дамуы және өзін-өзі тануы,
- жетекшілікке құқық беретін бедел.

Бұл құндылықтар жеке тұлғалар арасында қатынас орнату барысында белгілі бір құбылыстарға, іс-әрекеттерге және жағдайларға байланысты айналасындағылармен оптималды әрекеттесу тәсілдерін іздеген адамдарға іздену бағытын көрсете алады [3-5].

Жоғары оқу орнында оқыту студенттің динамикалық әлеуметтік- экономикалық жағдайда өз орнын табуға, түрлі өмірлік жағдайларға бейімделуге қалыптастыруға бағытталған. Күмәнсіз, тұлғалық сипаттардың бірі оның коммуникабельдік қабілеті, сөйлеу мәдениеті, ауызша және жазбаша сөз сауаттылығы болады.

Өзінің ойын жеткізу үшін грамматикалық дұрыс сөйлеу, дұрыс қойылған дауыспен сөйлеу, дауыс мәдениетін сақтап және қарым-қатынас машығын дамыту мамандар үшін өте маңызды.

Сөзді қолдану мүмкіндігі, өз ойын эмоциямен көрсете білу – қарым-қатынастың маңызды аспектісі. Дегенмен мамандар үшін, әсіресе дәрігерлер үшін тыңдай алу қасиеті өте маңызды. Психологтар айтады: «ең жақсы серіктес жақсы сөйлейтін адам емес, жақсы тыңдай білетін адам».

Білім алууда студенттің бойында коммуникативтік құзіреттілікті дамытудың пайдасы: біріншіден, оқуда жетістікке жетуге көмектеседі; екіншіден, жеке тұлғаның коллективке сіңуін жеңілдетеді, егер адам өріптестерімен оңай тіл табыса алса, ол психологиялық жайлылықты сезеді және қанағаттанады. Және керісінше, өз қатарластарымен тіл табыса алмау достар қатарын азайтады, жайсыздық, жалғыздық сезімдерін тудырады, және де қоғамға қарсы мінез – құлық көрсетуге соқтыруы мүмкін; үшіншіден, оқу үрдісінде студенттердің коммуникативтік құзіреттілігі бүгінгі студенттің жетістікке жетуі мен тиімділігінің шарты ғана емес, алдағы ересек өмірінде жетістікке жету мен кәсіби өсуінің шарты деп қарастыруға болады.

Адамның сөзі мәдениеті мен білімділігінің айнасы болып табылады. Болашақ маманның сөйлеуін дамыта отырып, біз өз ақыл – парасатымызды шындаймыз. Ойлау және қиялдауды қалыптастыру және дамыту тек сөйлеуді дамыту арқылы ғана мүмкін болады. Бұл студентке тек қарым – қатынас үшін ғана емес, әлемді тануға да көмектеседі. Студенттер үшін сауатты сөйлеу жемісті білім алу және дамудың кілті. Еркін шапшандық толық сөздік қарым – қатынасқа, адамның қоғамдағы коммуникативтік жайлылығына көмектеседі.

Осылайша, коммуникативтік құзіреттілікті дамытудың әлеуметтік белсенді тұлғаны қалыптастыруда маңызы зор, бұл – адамның болашақ әлеуметтік қызметінде жетістікке жетудің кілті.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Андреева Г.М. Социальная психология. - М.: Аспект Пресс, 1996. 376с.
2. Бодалева А.А. Психологическое общение. – М.: Изд-во «Институт практической психологии», Воронеж: Н.П.О, «Модек», 1996.- 256с.
3. Жуков Ю.М., Петровская Л.А., Соловьёва О.В. Введение в практическую и социальную психологию. М.: Смысл, 1996.-373с.
4. Емельянов Ю.Н. Активное социально – психологическое обучение.- Издат Лен. Гос. Ун., 1985.-162с
5. Мелибурда Е.Л. Психологические возможности улучшения общения.- М.: Прогресс, 1986.- 265с.